

## АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӨЗІМДІЛІК ҰҒЫМЫНЫҢ МАҒЫНАСЫ

Ә.Б. НАСИМОВА

Қазақ ағартушыларының бойына ұялаған ізгі қасиеттер бүкіл адам бойындағы барлық жаңа, жақсы, толеранттылықтан құралып, бүкіл қазақ халқының қалыптаса бастаған ұлттық мінезінің бейнесін қамтыды. Олар өздері өмір сүрген заманның шым-шытырық оқиғаларын бұқара халықпен бірге бастан кешіріп, қас дұшпандарына қарсылықтарында олардың тәсілін қолданбай, "ағашты иілген жағына қарай мәпелеп", әділеттіліктің туын көтерді. Халқының жан-жарасына білім, ғылымнан, халықтық қазынаның қасиетінен ем іздеді. Баяу да мешеу өмірдің қалыпты ырғағын бұзатын төл мәдениеттің салт-санасындағы адам әлемінің маңызды сапасы, көп қырлы бағыт-бағдарлары мен құндылықтарын алға тартты. Бұл жағынан алып қарағанда қазақ ағартушыларының көзқарастарында сарындастық бар. Олар заман таразысын басып тұрған, бұқараны күнәсіз тонамалап қажытқан ескілікпен күресуді мақсат етті. Қазақы төл мәдениетіміздің табиғатын, оның өзіндік ерекшелігін, ішкі әлемін шығармаларында сомдаған Алаш ағартушылары қаламы арқылы халқын шырмаған қараңғылық пен надандыққа тойтарыс беріп, теріс ниетті адамдардың мәмлесіне дұрыс қарым-қатынас көрсетуде үлкен сабырлылықты, төзімділікті өлең-жырларының кайнар көзіне айналдырды. Сөйтіп, олар алдарына ортақ мақсат қойды; қазақ халқын ағарту, білімін көтеру, бастарын біріктіру, адамзатқа тән қасиеттерді жаңа тұғырға көтеру болды. Осы орайда біздің ойымызша, Тұрсын Жұртбай аударған, орыс тарихшысы, В.О.Ключевскийдің Пушкинге айтқан сөздерін Алаш зиялыларына да лайық деп есептейміз: "Ұлы тұлғалардың өміріндегі қаракеті – халық өмірінің көзге түсер талмалы тұсына дөп келеді. Ұлы тұлғалар көзге көрінбейтін жұмбақ құбылыс арқылы төңірегімен табыса отырып, көпшіліктің ұсақ-түйек, быт-шыты шыққан мүддесі мен мұратының басын қосып, өзінің жеке толғанысы арқылы оны ұлы мақсатпен күреске жұмылдырады; сөйте отырып, сол қоғамның бойына жиған қуат-күшімен мүмкіндігін ашады да, оның бұдан әрі қарайғы даму жолын көрсетіп береді. Мұндай ұлы кайраткерлік – халықтық сананың даму көрсеткіші әрі олардың тағдырының қай бағытта даму керектігінің құбылнамасы болып табылады. Сол тұлғаның келбетінен біз айнаға қарағандағы өз сұқпытымызды көреміз, сол бейненің жанар

оты арқылы өзіміздің жүрегімізге үңілеміз, сонда олар бізге өзімізді өзімізге түсіндіріп береді." Кейінгі ұрпақ үшін ұлт атынан сөйлеп, адам игілігіне кісілік үлестерін қосқан рухани тұлғалар Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Жақып Ақбайұлы, Мұстафа Шоқайұлы, Мұхамеджан Тынышпайұлы, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәкен Сейфуллин, Тұрар Рысқұлов, Смағұл Садұақасов, Сұлтанбек Қожанов, Қошқе Кемеңгерұлы, Халел Досмұхамедов, Мұхтар Әуезовтің шығармалары қай кезеңде де өз маңыздылығын жоғалтқан емес, тіпті олар бүгінгі күндегі тәуелсіздік рухының арқа сүйер тірегі десек те артық болмас деп ойлаймыз. Бұл ойымызды М.М.Бахтиннің: "Ұлы шығармалар өз кезеңінің құрсауын бұзып, ғасырларға тарайды, яғни үлкен уақытта өмір сүреді. Олар кейде (ұлы шығармалар әрқашан) өз кезеңінен тыс уақытта, болашақта неғұрлым толыққанды өмір сүреді деген сөздері нақтылай түсуге мүмкіндік береді. Ондай шығармалар қатарына Жүсіпбек Аймауытовтың "Қартқожа", "Ақбілек", Міржақып Дулатовтың "Бақытсыз Жамал", "Оян қазақ", Мағжан Жұмабаевтың "Шолпанның күнәсі", Ахмет Байтұрсынұлының "Қырық мысалы", 1909 жылы жарық көрген данышпан Абайдың өлеңдер жинағы, жалпы Алаш зиялыларының барлығының бүкіл ғұмырында жазған туындылары қазақ руханиятының ернеуінен асып төгілетін сарқылмас аса құнды қазынасына айналды.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде төзімділік адам болмысымен қатар пайда болған, адам баласының экзистенциалдық модусы десек қателеспейміз. Өйткені, адам әлемі, болмысы ол өзіндік бір ерекшеліктерге толы. Көрнекті ғалым Т.Бурбаев төзімділік ұғымын былайша түсіндіреді: "Төзімділік қазақ менталитетінде ерекше орын алады. Ол қазақ үшін сыртқы дүниемен қатынас орнатудың және ұлттық болмысты сақтау мен дамытудың ерекше бір түрі. Ол ұлт мәдениетінің рухани негізін құрайды. Оның ментальдық феномен ретінде қалыптасу негізінде мыңдаған жылдық тарих пен мәдениет, уақыт сынынан сүрінбей өткен архетиптер мен ұлттық болмыстың ішкі арқауы мен жемісін құрайтын дәстүр жатыр. Басқаша айтқанда, төзімділік феномені Еуразия кеңістігінде мидай қайнаған ұлттар мен ұлыстардың мәдениеті мен өркениеті байланысының жемісі. Шығыс пен

Батыс, үнді, иран, қытай, араб, византия, түрік, монғол, славян өркениеттерінің өзара байланысының нәтижесі. Олар "адам мен табиғат", "адам мен қоғам", "адам мен адам" қатынастар жүйесінде өз көріністерін тапқан." Олай болса, төзімділік – болмысты танудың мүмкіндігі, гносеологиялық ұғым. Төзімділік – саналылыққа яғни танымға тікелей қатысты. Төзімділік – дәуірмен ілесіп, өз құнын жоймай, әр ғасырды аттаған сайын өзінің қадір-қасиеттерімен таныла түсетін асыл мұра. Төзімділік феномені – өткен күннен халықтың аузында үздіксіз жырланып келе жатқан, жақсылық атаулыға жетелейтін рухани мәдениеттің өміршең қазынасы. Төзімділік – мәңгілік ұғым. Ол әлемге адаммен бірге келген, адаммен бірге жойылмақ. Төзімділік – танымдық құндылық, сондықтан ол зерттеу объектісінің өзінде тұрады. Ал төзімділіктің діни сипаты адамды рухани кеңпейілділікке апарды. Кеңпейілділік – адамдарды діни сенімдерінен саяси түсінігі үшін бөлектеп, алааламайды. Өзара түсіністік – ынтымақ пен бірлік, бауырмалдық, тұтастық кепілі болады. Төзімділіктің діни ұғымын рухани мәдениеттің құрамдас бөлігі түрінде адамның басқалармен және өзі өмір сүретін қоғаммен қатынасын байланыстырады, діни сипаттағы ұлттық дәстүрге негізделген тәрбиелік мәні, рөлі адам санасындағы ізгі ниетке қол жеткізеді. Төзімділіктің арқасында пенде Тәңір ілтипатымен кешірімділік, жұмсақтық, кішіпейілділік, намысқойлық, қанағат сияқты қасиеттермен безендіріледі. Төзімділік төзімсіздікпен күресу арқылы кәміл мінез-құлыққа ауқымды қадамдар жасауға арналған ерекше табыс кезеңі.

Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты,  
Өткізбей қараңғыда бекер жасты  
Жер кетті, дін нашарлап, хал ыараб боп,  
Қазағым енді жату жарамасты [1.231].

Ахмет Байтұрсынұлы Абай салған сокпақпен жүріп халқының санасын ояту, рухын дерттен айықтырудың емін іздеп, орыс әдебиеті үлгілерін пайдаланып, аударма дәстүрі бойынша И.А.Крыловтың туындыларын аударып, 1909 жылы Петербургте "Қырық мысал" деген атпен бастырып шығарды. Ұлттық сананың бүршігі он үшінде гүл шашқан, бүкіл ғұмырын Ресей патшалығы әулеті тұмшалаған ұлттық сананың ояну дәуіріне жол ашқан кезде ағартушылықты өзінің азаматтық міндеті, дүниетанымының негізі деп санады. Ол ағартушылықтан өз халқының мұқтажын іздеді.

Адамдық диканшысы қырға шықтым,  
Көлі жоқ, көгалы жоқ - қорға шықтым.  
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,  
Көңілін көтеруге құл халықтың [1.149.70].

деп Ахмет Байтұрсынұлы терең пікірлі сөздермен алдына қойған максатын ашып айтады. Әсіресе, патша әкімшілігінің отаршыл, үстем пиғылы салдарынан ұлттық санаға, мінез-құлқына, бүкіл өмір сүру салтына қарсы зорлық, зомбылық істердің өршіп келе жатқанын сезіп, қаламын қару етіп, елдікке, намысқа, жігерге, еркіндік мұраттарға құрылған өлеңдерін жазды.

Бұл белгі табылып тұр біздің жұрттан,

Таласып, бір-бірінің жүзін жыртқан.

Алданып арадағы дау шарына,

Қатерден қапері жоқ келер сырттан [1.2.50.61].  
деп, И.А.Крыловтың мысалдарын аударғанда, соңғы шумақтарды өз жанынан қосып, әлеуметтік, тәрбие, ғибрат аларлық үлгі ұсынады. Адамдар қарым-қатынасы – күрделі құбылыс. Олардың арасында міндетті түрде сабырлық, төзімділік болуы керек. Ондай қасиеттер бар жерде ақылдылық міндетті түрде болады. Екі адамның бірі ақылды болса, оларда бірін - бірі түсіну, мінез-құлық үйлесімділігі болады. Адамдар қарым - қатынасының әсемдігі - түсінушіліктен, сыйластықтан тұрады. Міне, осындай көзқарасты Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың мінез - құлқы кеселдерінен арылу үшін насихаттайды.

Түзілген кейбір жұртқа әкімшілік.

Тауыса алман дүние кебін айтып санап,

Хакім аз іс ететін ғәділ қарап.

Залымдар айран ішіп аман кетіп,

Момындар тұтылып жүр шелек жалап.  
[3.51.49]

Ахмет Байтұрсынұлы адам өмірінде болып жатқан түрліше оқиғалар мен әр алуан жағдайларға адам өз мінез-құлқымен, болмысымен, қабілет деңгейімен жауапкершілікте болуына көп көңіл бөлген. Елін бірлікке, ынтымаққа шақырды. Ахмет Байтұрсынұлының ақыл-нақыл тұжырымдары "Қазақ" газеті арқылы халыққа тарап, оны ынталы ықыласпен тындап, қадір тұтады. Оның аударған өлеңдерінде Отанды, халықты сүю, елдің береке-бірлігін сақтау, әділеттілікті жақтау, жақсылыққа да төзімді болу, жамандыққа – пасықтыққа қарсы тұру, адамгершілік дәріптеліп отырды.

Қайырдың ең абзалы - бұл дүниеде

Біреуге қысылғанда жәрдем бермек.

Кейбіреу зор бейнетке тап болады

Кей уақыт аз бейнеттен қашамын деп.

[4.54.24] немесе, "Егіннің бастары" мысал - аудармасының соңында жазған бір шумақ өлеңінде былай дейді:

Елде көп бұл Бидайдай адам,-дейді,

Тәкәппар,- оны халық,- жаман,-дейді,-

Қалпы емес тәкаппарлық данышпанның

Тұтынба бұл мінезді, балам,- дейді. [1.5.27]

Ал, "Екі шыбын", "Бұлбұл мен есек", "Ағаш",

"Қартайған арыстан", "Қасқыр мен козы", "Қарға мен түлкі", "Арыстан, киік һәм түлкі", "Қасқыр мен тырна", "Емен мен камыс" атты мысалдарды аударғандағы соңғы өлең шумағының мәніне үнілсек, халқының сана - сезімін ояту үшін алдымен адамгершіліктің маңыздылығын, қараңғылық пен надандық шырмауындағы халқы үшін рухани дүниені кемелдендіру, мінез-құлықты жетілдіру қажеттігін көрсетеді. "Токсан ауыз сөздің тобықтай түйінін" айтып, адам қабілетін талдай отырып, сананың ісіне сын салмағын салады. Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдерінің түпкі идеясы ұрпақ өресін атамекенмен үйлестіре қарап, оның тәлім - тәрбиесі терең философиялық ауқыма бейнеленеді. Адам бойындағы адамдық қасиеттерді мадақтаумен қатар, адамға кір келтіретін дертті мінез-құлықтардан сақтандырады. Жеке адамның бойындағы достық, адалдық, ынтымақты, бірлік пен түсіністікті жоғары бағалап, рухани құндылық қасиеттер деп есептейді. Ал, адамдар қарым-қатынасын бұзатын керітартпа, іріткі салатын жамандық атаулыға тән іс-әрекеттер мен мінез-құлықтардан арылудың жолын көрсетіп, олар қоғам, әлеуметтік өмірдің де қас дұшпандары деп тұжырымдады. Сөйтіп, Ахмет Байтұрсынұлы өз халқының жанашыры ретінде халқының болашағы үшін дін мен білім, халық тағдыры, әдет-ғұрпы, имандылық пен мінез-құлық туралы ой-толғауларды шығармашылық мұрасына арқау етті. Қазаки болмыстың рухани әлеміндегі сол кездегі өзгермелікті, тіршіліктегі тұрақсыздық пен өтпелікті қазақ халқының дәстүрлі мінез-құлық ерекшелігіндегі төзімділіктің байыбына барып, түсініп, адам болу және ел-жұрт болу бағдарын бірге ұстап, аталы сөзге тоқтап, салтынан айрылмай өнегелі өмір сүруге шақырады.

Кейбіреу көтере алмай жүрсе көнін,  
Кейіген сағатында тілейді өлім.

Болады надандықпен зор күнәкәр,

Ісінен құдіреттің білмей жөнін,- [1.6.38 б.]

деп ойшыл, ақын Ахмет діни дүниетанымның көріністеріне ықылас таныта отырып, тағдыр дегеннің бар екенін біле тұра кейіп, жаратушының жазымы-шына қарсы тұруды құптамайды.

"Жазымыштан озмыш болмас" деген сөзді  
Бекер деп пікір ету жарамайды.

"Алланың адам басы - добы" деген,

Қуса да қалай қарай домалайды - [1.7.24 б.]

деп, Алла Тағала, адам мен иман, жаратылысты, тағдырды өзіндік терең философиялық ауқыма ұрпақ тәрбиесіне ғибрат боларлықтай етіп бейнелейді.

Құдайым, жолдас қылма жамандарға,  
Көзі тар, көңілі соқыр надандарға,  
Жаксылық етсең де бір, етпесең де,

Жакпайсың кейбір ақымақ адамдарға,-  
[1.8.41 б.] деп ойшыл Ахмет Байтұрсынұлы адам туралы ойларында оны тарихтын тұтас бір субъектісі ретінде қарастыра отырып, халық даналығының өзіндік эволюциясын, өміршеңдігін ұғындырып, ұрпақтардың сана - сезіміне әсер етеді. Ежелгі заманнан бері әлеуметтік - мәдени мәртебесі жоғары намысшыл, өр мінезді, досқа адал, дұшпанға катал да әділ, кішіпейіл, жаксылық пен жамандыққа қайсар, қажырлылықпен төзе біліп, өсіп - өніп отырған қазақ халқының болмысын өлеңдерінде зерделеді.

Күндесін, шуылдасын қылсын өсек,

Етпелік сөйлеп жүр деп сөзін есеп.

Иттердей үріп - үріп тарап кеткен

Қояды шулап - шулап үндемесек - [1.9.38], деп ел өмірінде, тұрмыс-тіршілікте, мінез-құлықта кездесетін кеселдерді заман келбетіндегі көрінісін сипаттай отырып, адамдардың өзара түсінісудегі олқылықтары мен кемшіліктерін тізіп айта бермей, рухани биік тұрудың маңыздылығын атап көрсетеді. Ахмет Байтұрсынұлының татулық, бірлік, мәдениеттілікке, имандылыққа шақырған өлеңдері ел қамы үшін жасалған ізгі еңбегінің бірі. Ахмет Байтұрсынұлының дүниетанымын тану арқылы қазақ болмысын тануға болады. Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларында күйкі тұрмыс көлеңкелеріне көңіл бөлуге уақыт бөлмей, өмір тұрмысынан биікте, өз заманынан бұрын алдағы уақыттарға ұмтылатын ерік-жігері мықты, төзімді, сабырлы феномен сипатын үлгі етеді.

Ұлт үшін қызмет етуді жанынан артық көріп, басын бәйгеге тіккен Ахмет, Міржақып, Мағжан өлеңдерінің мәдени-рухани, әлеуметтік мәні төркіндес, надандықты, жалқаулықты, өнерсіздікті, жалақорлықты, жанжалшыл, қиянатшылдықты төзімсіздіктің кесапаты деп атап көрсетті. Ал, қанағаттылыққа, еркіндікке, бейбітшілікке, бірлік пен тірлікке негіз болатын төзімділік, кішіпейілділік, өзгені өзіндей құрметтеп, түсін деген идеяларды насихаттады. Алаш зиялыларының бүкіл ғұмыры арпалыста, айкаста өтті. Қуғын-сүргін тозағына төтеп беруге жігер берген бойларындағы шыдамды, төзімді, қасиеттері еді, сөйтіп олардың болмысы күрделі дүниедегі төзімділік феномендеріне айналды. Алаш азаматтарының аманатын арқалаған М.Әуезов бойындағы күш-қуаты сарқылғанша халқының жарқын болашағы үшін, әділеттілікті, ақиқатты келер ұрпаққа жеткізу жолында "икемді" саясат ұстанып, бүкіл мағыналы өмірі төзімсіздікке төзімділікпен өтті. Ол мақсатына жетті де кейіннен былай деп толғанады: "Дүниеде болып өткен нелер ұлы жандар бар. Олардың ішінде даналары аз емес-ті. Көбінен қалған дарынды кітап, ұлы шығармалар саналы

тірлігінде үнемі есіңе түсіп, қатарыңда ілесіп жүргендей болады. Біз оларды керегіне қарай пайдаланамыз" [2. 254 б.]. Халық үшін қайғырып, уайым жеген, толғаныс, дағдарыс, өмірдің ашысы мен тұшысын татып, азабы аз болмаған, аққан жұлдыздай қысқа ғұмырында Алаш азаматтары ағартушылық қызметтерінде қазақ менталитетінің тылсым иірімдерін дөп басып, жарқын болашақ негізі білім мен ғылымда деп көрсетіп кетті. Бұл тұрғыдағы М.Әуезов ойы да алаш зиялыларының пікірлерімен сабақтасып жатуы олардың аманатын ақтағандығында шығар. М.Әуезов: "Ғылым жолында тартыспен түскен, бейнетпен келген табыс қана - шын мәніндегі қымбат табыс...", "халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе - білім", - дейді [2.1.184-282].

Міржакып Дулатов мұраларындағы рухани танымдық мәселелерді көтерген "Хазірет Сұлтан", "Мұсылман істері хақында", "Адамға тіршілік не үшін керек?" мақалаларында діни, рухани, адамгершілік, әр замандағы түрлі халықтың данышпан адамдарының ойларына талдау жасау арқылы бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне қажетті ұлттық тәлімге деген іргелі бетбұрысты білдіреді. Оның ағартушылық, жазушылық, ақындық, драматургиялық еңбектерінде қазаққа тән қасиет - адамдарға жақсылық жасау, "жақсымен еткен мәжіліс бір сағаты бейне жыл", "іс істе, таттулыққа басыңды қос, пайда жоқ құр шулаған ерегістен" деген идеяларын бүгінгі күн тұрғысынан алғандағы сипаты толеранттылық мәнге ие екені даусыз. Ал, толеранттылық немесе төзімділік ауқымындағы ұлттық мінез, ұлттық намыс, ұлттық дәстүр, әдет-ғұрып, салт-сананың жойыла бастауы сөз жоқ, ұлттық тіл мен ділдің тоқырауына әкеліп соғатыны сөзсіз, сондықтан Жүсіпбек Аймауытовтың пікірінше қазақ мәдениетінің ерекшелігін, ішкі әлемін айқындай түсетін руханиятты сақтап қалу үшін "ерінбей еңбек етуге таудай үміт, табанды қайрат, шамдай мұрат (идея) жалынды жүрек, терең білім керек", - деп жазды. Қазақ халқының сана мәдениеті, рух мәдениеті, тіл мәдениеті - үлкен тарих, ұзақ ғасырлар көшпелі елдің қилы - қилы асуларынан туған күрделі процесс. Рух мәдениеті күрделі әлеуметтік құбылыс, ол өз заңдылығымен, даралығымен дамиды. Міне, осы мәселелерді Жүсіпбек Аймауытов әр қазаққа ұғымды түсіндіріп, пайымдап берген. "Күн көру тәсілін сырттан жұқтырып, үйрене беруге болады. Рух мәдениетін бөтеннен қарызға ала беруге болмайды. Алса да, халықтың көкейіне көпке дейін қонбайды. Ендеше өзімізде де бар дәулетті жарыққа шығарып, іске жаратуға талпыну керек," - деген Жүсіпбек Аймауытов сөздерінде ағартушылық, танымдық сарын басым. Осыған

ұқсас қазақы төл мәдениетіміздің орны мен ерекшелігінің маңызын атап көрсеткен Міржакып Дулатұлы былай дейді: "Басқа жұрттың алдында біздің мақтанарлық артықшылығымыз бар десек, ол ескілікті халық әдебиетіміздің байлығы. Кемеңгер билер, кең ойлы ерлер, топ жарған шешен, тайпалған ақын бізде болған. Тақпақсыз бізде сөз сөйленбеген. Өзге қара халықтардай біздің қазақ "ертеңгі күннің қамы үшін" ер қашты болып қажымай, кең дүниеде қызық дәурен, ұлы дүбір, шаршы топта сөз бәйгесіне қосылып, жүлде алған жұрт". Міржакып Дулатұлы сөздерінің түпкі мәнін түсіндірсек, халықтық болмыспен халық бейнесін толықтырады, халықтық дүниетанымның өмірлік мәні болашақ ұрпаққа таныта білу құндылығын ескереді, қазақ халқы өсіп - өніп келе жатқан, әлеуметтік - мәдени мәртебесі жоғары тарихи халық, беташар ұлт деп біледі. Міржакып Дулатұлының бұл көзқарастары бүгінгі күн сұранымына толығымен жауап береді. Оның терең ойлары қазақ философиясының құрамдас бір бөлігі, өткен шаққа көңіл аударып. оның рухани, мәдени, әлеуметтік мәселелерін, мәдениет қазынасының құндылықтарын зерттеудің өзі болашақ үшін қызмет етудің маңыздылығын арттыра түседі. Себебі, қазіргі жаһандану жағдайында қазақ мәдениетінің әр заманда шырқау шыны болып табылған дана шешендерін, кемеңгер билерін, батырлар жырын, лирикасын, әуезін, мақал-мәтелдерін, сөз өнері, тіл байлығы, әсем тұрмыс-талғауы рухани байлықты танғытатын мол халықтық қазына-сының өзіндік орнын белгілеп, ұрпақтардың одан нәр алып, қуатты жігермен көркейіп, жанына азық беретін маңыздылығын ескеріп, оны сақтап, жаңғыртып отыру, ұлт тірегінің рухани күші деп есептейміз. Өйткені, Алаш зиялы қауымы шығармаларының қай-қайсысын алсақ та, эралуан бағытының ағартушылық - демократтық сипаты - азаттық жолын нұсқаушы, сана төңкерісіне негізделген. Өздерінің шығарма-ларында өмір философиясы, адамның толерант-тылық қасиеттері арқылы ағартушылықпен оянуға, ояну - қасіреттің сырын білуге, басты кесіпаттың, кінәні сезінуге, сезіну - бостандыққа, еркін жол ашар бұлқынысқа жетеледі. Адаммен ғана байланысты мәдениет ұғымы, адам ұғымының мәңгілігі, оның адамшылық құны туралы түсініктің еркін арна табуын көкседі.

Мағжан Жұмабаев өмір сүрген Кеңес жүйесі тұсында еркіндік қажеттілікпен алмастырылып, ой мен сөз еркіндігі тежелді. Санаға салмақ түсіп, еркіндіктің шектелуі, сәби жүректі ақынды мазасыз, көңіл толмаушылық күйге түсірді. Өмірінің мәні - өзі сүйген халқы, оның тұрмыс тауқыметін тартқан төзімділігіне жаны ауырып, мұң - мұқтажын қорғауды мақсат тұтты. Өзінің

терең философиялық ойларында адамзаттың біртұтас әлем екенін, тіптен ешкімнің бір бірінен биікпін деп айтуға құқы жоқ екендігін білдіреді. "Адам өз халқының адамдарын сүюінің үстіне басқа халықтардың адамдарын да сүюге міндетті. Міндетті ғана емес, еріксіз сүймек. Бұл адамның жаратылысындағы негізгі мінез," - деп толеранттылық көзқарасын ашып көрсетеді. Бұл Мағжанның асқан парасаттылық болмысы. Халқы қызыл империяның құрсауында тұрғанның өзінде Мағжан жанымен де санасымен де азат, еркіндік феномені ретінде танылды. Мағжанды мұндай жоғары рухқа көтерген оның ақыл-парасаты, батылдығы мен жүректен шыққан ізгі ниеті. Осындай қасиетке ие жандар ғана төзімсіздікке төзе де оны жеңе де алады. Мағжан еркіндіктің әлеуметтік негізі теңдікте деп түсінген, өз ұлтының да ешкімнен кем еместігін жырлап, түркілер, олардың тарихи Отаны Тұран туралы өлеңімен тек қазақ даласына ғана емес, бүкіл түркі әлеміне жайылды.

Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?

Түрікке азаматта ел жеткен бе?

Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял,

Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?- [ 3.54.]

дейді ұлтына деген сүйіспеншілігін өлеңмен өрнектеген акын Мағжан. Мағжан ойларындағы теңдік, еркіндік ұғымдарының әлеуметтік-саяси, моральдық мәні аса зор, түркілер үшін ол ынсап, қанағат, сабырлық, біліктілік, білімділік, ерлік, төзімділік түсініктерімен айқындалып отырады. Төзімділік қабілет – адамның табиғи қасиеті, ол әрбір адамға тән және барлық адамдарға жалпы. Алаш ағартушыларының экзистенциалдық тақырыптағы шығармалары адамға сабырлықтың, төзімділіктің, кішіпейілділіктің жолын, мәні мен құндылығын түсіндірумен мәңгі. Олардың сабырлық, қажымас қайрат, жігерлік пен төзімділік жөніндегі түсінігі мен көзқарастары – мәнін жоймайтын құндылық. "Адам өзінің әрбір ойына, әрбір ісіне ішінен баға беріп отырады. Ізгі ой, ізгі іс адамда жағымды сезім туғызады. Адамға қалайда болса, қашан да

пайда келтіретін ой нәм ізгілік... Ізгілікке ұмтылу, жауыздықтан безу – адамның жаратылысының өзінде бір нәрсе," - [3.1.147] деп жазды Мағжан Жұмабаев. Ойшыл Мағжанның түсінігінше, адамның жан дүниесінің іздейтіні – руханият, ал оны болашаққа жеткізу үшін әрбір заманда, қоғамда рухты сабақтастырушы, жалғастырушы адамдар болады, олар өздерінің дұрыс өмір сүре білуін өзгелерге де ұсынады. Ал, дұрыс өмір сүру әрекетінің басты шарттары адамгершілік, өзгені өзіндей түсіну, бірлік, ынтымақ, жанашыршылдық, сабырлық, қанағатшылдық. Егер адамның іс-әрекетін бағалауда жасандылық, әділетсіздік болса, ол сенімге дақ түсіреді, рухты жасытады. Мағжан акынның түсініктері әлеуметтік маңызға ие. Алаш зиялылары өз өмірінде болып жатқан түрліше оқиғалар мен әралуан жағдайға халық тағдыры үшін де жауаптымын деп санап, мұндай жәйттің орын алуын өз мінез-құлқымен, болмысымен, қабілетінің деңгейімен түсіндірді.

Қазақ ағартушылары, атап көрсеткеніміздей адам пайда болғаннан бастап, оның бойында бар төзімділік қасиетті оның негізгі армандарымен қамти отырып, шығармаларына арқау етті. Нақтырақ айтқанда, шығармаларынан түсінетіміз адам бойындағы басқа қасиеттермен тұтас, өзара ықпал ету нәтижесінде төзімділік қасиеті жақсылыққа, парасаттылыққа жетелейді. Егер, төзімділік жеке дара болса, адам құрсаулы, амалсыз, ықтиярсыз, көнбіс деңгейде қалып, ол кері жағымсыз мінез - құлықты берер еді. Ынжық, жігерсіз, одан келіп, жауапкершілікті сырты күштерге арта салу, қалыптасқан тіршілігін бәз баяғыша жалғастыра беруге дәрменсіздік – міне, осының бәрі шыдамдылық, төзімділік, сабырлықтың әлсіреуінен келіп шығады. Төзімділік құбылысы – ұлттық көріністерді бейнелейтін адамның дәстүрлі өмірінің этно-мәдени, әлеуметтік ортада рухани жетілу деңгейі мен бағытын өзгені тану, түсіну, кішіпейілдік, адамның рухани өмірін жетілдіретін тұтас түсінік, белсенді көзқарас.

## Әдебиет

1. Байтұрсынов А. Ақ жол. Алматы. 1991. 231 б.
2. [1.1.49.70]. 3. [1.2.50.61]. 4. [1.3.51.49]. 5. [1.4.54.24]. 6. [1.5.27]. 7. [1.6.38 б.]. 8. [1.7.24 б.]. 9. [1.8.41 б.]. 10. [1.9.38 б.].
11. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. Алматы. 1962. 254 б.
12. [12.1.184-282]
13. Жұмабаев М. Шығармалары. Алматы. 1994. 54 б.
14. [14.1.147 б.]

## Резюме

В статье рассматривается проблемы толерантности в творчествах интеллигенции Алашорды.

## Summary

In this article considered the problems of tolerant in creative work Alashordy intelligentsia.